

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 қыркүйек N 1156. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Зейнетақы қорына төлеушілерден сақтандыру жарналарының барынша толығырақ түсуін қамтамасыз ету, төлемдер бойынша берешектерді өтеу, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға арналған жарнаны төлеуден бас тарту және оның сомасын төмендету фактілеріне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 42, 455-бап) бекітілген, Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібіне мынадай өзгертулер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

12 және 42-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Төлеушілер сақтандыру жарналарын Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына төлеушілердің жекелеген санаттары үшін жарна төлеудің белгіленген басқа мерзімінен өзге реттерде ай сайын жалақы төлеу үшін белгіленген мерзімде, бірақ келесі айдың 10-ынан кешіктірмей аударуға міндетті.

42. Төлеушілер сақтандыру жарналарының сомасын Зейнетақы қорына уақтылы және толық аудармағаны үшін төленбеген сомаға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы сомаларды төлеу күнінен белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселенген ставкасы мөлшерінде, оның кешіктірілген әрбір күні үшін төленбеген соманың өсімін төлейді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан абзацтар алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.01.31. N 133 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының орталықтандырылған шотына түсетін 30 процент сақтандыру жарналарының есебін тәртіпке келтіру мақсатында осы қаржыларды жинайтын аудандық және қалалық банк

бөлімдерінің, бөлімшелерінің жанынан халықты әлеуметтік қорғау органдары үшін қосалқы шот ашу жөнінде өкілетті банкке ұсыныс жасалсын.

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі: сақтандыру жарналарын төлеушілерге бұрынырақта есептелген өсімдерді есептен шығаруға қатысты жұмыстарды жүргізу Тәртібін екі апталық мерзім ішінде әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін;

< * >

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын төлеуге коммерциялық ұйымдарды тарту тетігінің құқықтық негіздерін көздей отырып, осындай ұйымдардың зейнетақы төлеуге арналған қаржыларды қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз ету мақсатында, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Зейнетақы қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын жетілдіру және оны мүдделі министрліктермен келісуді т е з д е т с і н ;

ЕСКЕРТУ. 3-тармағының 3-абзацы күшін жойған - ҚРҰ-нің 1997.03.26. N 419 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті бір ай мерзім ішінде кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке адамдардан Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына осы адамдардан алынатын патенттер мен алымдар құрамындағы міндетті төлемдерді тартудың мүмкіндігі туралы осы патенттер мен алымдар сомаларының тиісті бөлігін алдағы уақытта Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына берудің тетігін құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне өзара келісілген ұсыныс енгізісін;

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қосымша төлемдерді тартуға байланысты қолданылып жүрген салық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу мәселелерін қарасын .

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті:

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын төлеуге коммерциялық ұйымдарды тартудың барынша жетілдірілген жаңа тетігін әзірлеу жұмысына қатыссын және осы тетікті іс жүзінде қолданысқа енгізуде Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне көмек к ө р с е т с і н ;

салық қызметінің ведомстволық бағынышты органдарына салық төлеушілердің қызметін тексерген кезде халықты әлеуметтік қорғау органдарын іле-шала хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарының толық және уақытылы төленуі мәселелерін міндетті түрде тексеруді тапсырсын.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК